

Silk Way Халықаралық
Университеті

Тақырып: Арнайы мектептегі сынып жетекші мен
тәрбиешінің қызметтік міндеттерінің
тізімімен танысу және олардың әрекеттерін салыстыру

Қабылдаған: Ешенкулова Э.Б
Орындаған: Кәрім Сабина

Шымкент 2019

Сынып жетекшісі – мектеп пен баланың арасындағы қарым-қатынас жүйесін сынып ұжымының тәрбиелік қызметінің санқырлы түрлері арқылы ұйымдастыратын кәсіби педагог, әрбір оқушының жеке қабілеттерін ашуға жағдай жасайды және өз қызметін мектептің оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жүйесі арқылы жүзеге асырады.

Сынып жетекшісі қызметінің мақсаты – оқушының өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, оның қоғамда табысты әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Сынып жетекшісінің негізгі қызметіне жататындар:

сынып ұжымы қызметін ұйымдастыру;

сынып ұжымының оқу жұмысын

ұйымдастыру;

сыныптың оқудан тыс өмірін

ұйымдастыру;

оқушы тұлғасын зерттеу.

оқушыларды әлеуметтік қорғау.

ата-анамен жұмыс.

Сынып жетекшісі қызметінің тәрбиелік міндеті

сынып ұжымын қалыптастыру мен дамыту;
тұлғаның дамуына, әрбір оқушының өз орнын табуына, оның қайталанбас потенциалдық қабілеттерінің сақталуы мен ашылуына қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдай туғызу;
салауатты өмір салтын қалыптастыру;
қарым-қатынас жүйесін сынып ұжымының тәрбиелік қызметінің әртүрлі формалары арқылы ұйымдастыру;
оқушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
оқушылармен сыныпта жүйелі жұмыс ұйымдастыру;
оқушылар арасындағы және оқушылар мен педагог қызметкерлер арасындағы қарым-қатынасты гуманизациялау;
оқушыларда адамгершілік құндылықтар мен рухани бағдарлар қалыптастыру;
оқушылардың әлеуметтік маңызды, шығармашылық қызметтерін ұйымдастыру.





Сынып жетекшісінің атқаратын қызметтері (функциялары)

- Талдау қызметі:
- Балалар мен жасөспірімдердің жеке дара ерекшеліктерін зерттеу;
- Әр оқушының отбасындағы тәрбие жағдайын зерттеп, талдау;
- Сынып ұжымының қалыптасуы мен дамуын зерттеп, талдау;
- Қоршаған айналасының сынып оқушыларына ықпалын зерттеп, талдау;
- Өткізілетін іс-шараның тәрбиелік құндылығын талдау;
- Болжамдық (прогностикалық)
- Тәрбиелік ықпалмен жоспарланған іс-шараның нәтижесін болжау;
- Оқушылардың жеке дара даму деңгейінің нәтижесін болжау;
- Ұжымның қалыптасуы мен даму кезеңдерін болжау;
- Ұжымдағы қалыптасуы келе жатқан қарым-қатынастардың салдарын болжау (оқушылар арасындағы, оқушы мен оқытушылар, ата-аналар мен оқытушылар арасындағы)
- Коммуникативтік:
- Оқушылар арасында өзара қарым-қатынас қалыптастыру, ұжымға үйретуге көмектесу, қатарларының арасында өзі қанағаттандыратын статусқа ие болуға көмектесу;
- «Оқушы-оқушы», «оқушы-ата-ана», «оқушы-оқытушы» арасындағы өзара қолайлы байланыс орнату;
- Оқушылардың қоршаған ортамен қолайлы қатынас орнату;
- Ұжымдар әр оқушыға қолайлы психологиялық ахуал орнатуға үлес қосу;

Тәрбиешінің өз қызметіне жетістікке жетуінің шарттары:

1. Оқу іс-әрекеттен тыс ақпараттармен қамтамасыз етуі;
2. Сыртқы кескін – келбеті;
3. Мінез – құлық және пайымдау мүмкіндіктері;
4. Оқу тәрбие процесіндегі қарым-қатынас мәдениетін сақтай білу;
5. Педагогикалық талаптарды орындай білу;
6. Балалардың жеткен жетістігін мақұлдай, қолдай білуі;
7. Әзіл – қалжыңға мән бере білу;
8. Балалармен қарым – қатынас мәдениетінің болуы;
9. Шыдамдылық және төзімділік;
10. Басқалардың пікірін сыйлай білу;
11. Балалардың құпия сырын сақтай білу;
12. Басқа адамдарды түсіну және сезіне білу қабілеттілігі;
13. Еркіндік пен икемділік;
14. Табан астындағы тосын іс-әрекеттерге әдіс-тәсіл қолдана білуі;
15. Байқампаздығы мен бақылампаздығы;
16. Кез-келген жағдайда қарым-қатынас жасай алуы;
17. Балалардың қызығушылығына қарай әрекет ете білу дағдысы.


Міндеттері:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы білім беріп, қоғамдағы өз орнын табуға мүмкіндік жасау;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық іс - әрекетімен эмоциялық ерікті жағының кемшіліктерін ескеру;
- өз бетімен өмір сүруде, балаларды қазіргі қоғамдық жағдайларда әлеуметтік бейімделуге дайындау.

Үстаздар – мемлекет пен қоғам арасындағы алтын көпір тәріздес.

Мемлекеттің идеологиясы, қоғамның дәстүрі мен құндылықтары, адамзаттың асыл қасиеттері, ғылым мен өнердің мұралары ұстаздар арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жол тартады.

Ертеңгі мемлекеттің балмысы – ұстаздың бүгінгі тәлімінде.



The image features three white doves in flight against a vibrant blue sky. A bright sun is positioned in the center, creating a lens flare effect. The doves are arranged in a triangular pattern, with one at the top and two below it. The text is overlaid on the scene in a bold, yellow, 3D-style font.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА

РАХМЕТ!!!